

bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Күәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2018

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Алтын бала

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/45518/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

ТАҚЫРЫБЫ: Алтын бала (әңгіме)		Мектеп / МҮ: №131	
Күні: 13.09.2018ж		Педагогтің аты-жөні: Кадирова Алия	
Сынып/ топ: даярлық «Б»		Қатысқандар саны:17	Қатыспағандар саны:
ҮОҚ оқытылу мақсаты	0.1.1.1. Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сурақтарға жауап беру 0.1.3.1. Тындалған материалды иллюстрация бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау 0.2.1.1. Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ және т.б.) 0.2.2.1. Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)		
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер орындай алады: Әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып шағын шығармаларды айтып бере алады. Көпшілік тәрбиеленушілер орындай алады: Әдеби жанрларды ажыратады. Тындалған материалды иллюстрация бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндайды. Кейбір тәрбиеленушілер орындай алады: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айтады.		
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Әңгіме бойынша пікірлеседі. Әңгіме мазмұны бойынша өз ойларын айтады. Өздерінің қатынасын эмоциялық түрде білдіреді. Көптілділік: алтын бала – «золотой» мальчик – golden boy Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: жанр, әңгіме, шыдамы таусылып, радио Пікір алмасу сурақтары: Қандай әңгімелерді білесіңдер? Есімізге түсірейік. Жақсы болу адам бойындағы жақсы қасиет пе? Алтын бала немесе жақсы бала болу үшін адам бойында қандай ерекшелік болуы тиіс?		
Өткен ҮОҚ-де алған білім	Өткен әңгімелерді естеріне түсіріп атау.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар	
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин.	(Y) Педагог жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін тәрбиеленушілерге өлең жолдарын қимылқозғалыс арқылы айтады. Таза бала мұнтаздай, Сүйінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай, Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай. Болайыңшы, досымай. (T) Педагог шағын фольклор – мақалмен таныстырады. «Алғыспен ел көгерер, Жаңырман жер көгерер». – Балалар, қалай ойлайсыңдар, алғысты қандай балаларға айтады? Тәрбиеленушілер алғысты қандай кезде айтатыны туралы болжам дайды. Алғысты жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен балаларға айтады. – Сен өзің басқа бір адамдардан алғыс естідіңбе?	Музыкалық сүйемел деумен	
II. Өмірлік тәжірибені нағыздандыру. Мақсатты болжам. 3-5 мин.		Мақал	
ҮОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6-27 мин.	(Y) Әліппе-дөптермен жұмыс: Ребусты шешу. Шыққан сөздің мағынасын түсіндіру. – Қандай баланы «алтын бала» деп айтуға болады? (Y) – Балалар, бүгін «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. (Қосымша материалды қара). Біз бүгін әңгіме жанрымен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі – қысқа оқиғаны әңгімелейді. Мұқият тыңдаңдар. Әңгіме мазмұны бойынша сурақтар. – Әңгіме ұнадыма? – Әңгімедегі баланың іс-әрекеті сендерге ұнадыма? – Анасы Заукенді қайда жұмсады? – Заукен атайдың қандай затын жөндеп берді? – Әжей Заукен туралы не айтты? – Анасы неге қуанды? – Осыдан кейін анасы баласына не айтты деп ойлайсың? Балалардың сураққа толық жауап беруіне көңіл бөлінеді. Сергіту сәті: Ата менен ананың айтқан тілін аламын, Үлкен кісі жұмса, қайда болсын барамын. Төсекті өзім жинаймын, ешкімді де ренжітпеймін. Ешкім маған тимейді, Мен де бәрін сыйлаймын. (Y) Сурет бойынша Әліппе-дөптермен жұмыс. Сурет бойынша әңгімеле: – Суретте Заукеннің анасы не істеп жатыр? – Анасы баласына не деді? – Анасы баласын іздеп барғанда кіммен кездесті? – Әже мен ата баланың анасына не айтты? – Анасы баласына қалай қарады? – Өзің анаңа қалай көмектесетіңді айтып бер. Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау. (56 бала айтады). Бір бала әңгіменің басын бастайды. Екінші бала әңгімені педагогтің сурақтар қоюы арқылы жалғастырады. Көптілділік: алтын бала – «золотой» мальчик – golden boy (T) Жұмбақ шешу: Өзі тас, өзі ақ, Демін татсаң ашыақ. (Туз) Мақал: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды.	Әліппедөптер	
IV. ҮОҚ қорытындысы.	Педагог қорытынды жасайды.	Әліппедөптер,	
	– Қандай жанрға жатқызасыңдар?	түрлі түсті	
Рефлексия.	– Әңгіме қалай аталады?	қарындаштар	
28-30 мин.	– Әңгімеде кімдер туралы айтылған?		
	– Әдепті, ұқыпты, тилалғыш бала болу қиын ба?		
	(Ө, Қ) Рефлексиялық бағалау – өз жұмысын бағалап қорыту.		
	Тәрбиеленушілер ҮОҚ-де өзінің жұмысына баға береді:		
	Ештеңе түсінбедім – қызыл түспен,		
	Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары түспен,		
	Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл түспен.		

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.